

Энгельс көшесінің атын Яков Геринг көшесіне қайта өзгерту туралы (3 сайланған 31 кезекті сессия).

Павлодар қалалық мәслихаты мен Павлодар қаласы әкімиятының 2007 жылғы 28 наурыздағы N 32/31 бірлескен шешімі/қаулысы. Павлодар қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 4 сәуірде N 84 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес, Павлодар қаласының әкімдігімен бірлесіп қалалық мәслихат **ШЕШІМ/ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Энгельс көшесінің аты Яков Геринг көшесіне қайта өзгертілсін.
2. Шешімнің/қаулының орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың азаматтардың құқығын және заңдылықтарын сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім/қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы О. Костенко

Павлодар қаласының әкімі Б. Демеуов

Қалалық мәслихаттың хатшысы В. Лебедь